

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ-20-2020

Жастармен жұмыс атқару бөлімі

Алғы сөз

1. Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер - Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг
бөлімі басшысы А.А.Алтыбаева
- Жастармен жұмыс атқару бөлімінің
басшысы М.М. Бектемис
3. Келісілді - Оқу істері жөніндегі проректор С.Д. Мамраимов
Кадр бөлімінің басшысы Ү.Н.Досан
Заңгер А.С.Малдыбекова
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің ____ ____ 2020
№ ____ мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді - 2020
6. Тексерілу мерзімі - 2022

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

«Сырдария» университеті		ҚЕ-20-20
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		5 беттің 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жастармен жұмыс атқару бөлімі - мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын университеттің құрылымдық бөлімі.

1.2. Жастармен жұмыс атқару бөлімі - өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Білім туралы» заңды, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы заңын. Ғылыми кеңес шешімдерін, университет ректоры нұсқаулары мен бұйрықтарын, ішкі тәртіп стандартын басшылыққа алады.

1.3 Жастармен жұмыс атқару бөлімі тікелей университет президентіне бағынады.

1.4 Жастармен жұмыс атқару бөлімі құрылымы мен штат санын ЖОО-ның әкімшілік-басқару қызметкерлерінің типтік штатына сәйкес университет ректоры бекітеді.

1.6 Жастармен жұмыс атқару бөлімі жалпы жұмысының нәтижесі үшін жауапкершілік комитет төрағасына жүктеледі.

2. Құрылымы

2. Жастармен жұмыс атқару бөлімі құрылымы университет ректоры бекіткен штаттық кестесіне сәйкес келесі мамандардан құрылған:

- басшы;
- маман.

3 Қызметі

3.1 Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырады;

3.2 Жастармен жұмыс атқару бөлімі жұмысына белсенді студенттерді іріктеуді жүзеге асырады;

3.3 Жастармен жұмыс атқару бөлімі жұмысын жоспарлайды, мүшелерінен жоспарды орындауын бақылайды;

3.4 Жастармен жұмыс жасаудың озық тәжірибелерін зерттейді, толықтырады және таратады. қызмет стилі, формасы мен әдістерін жетілдіреді;

3.5 ЖОО студенттік өзін басқару бөлімшелерімен, сонымен бірге жастар ұйымы мен жоғарғы ұйымдармен белгіленген тәртіпте байланыс ұйымдастырады;

3.6 Студенттердің тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысады;

студенттердің университетті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

3.7 білім алушылардың әлеуметтік қорғалуына септігін тигізу;

3.8 студенттерде өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру, оларды қоғам өміріне күзиреттілікпен және жауапкершілікпен қарауға дайындау;

3.9 студенттердің азаматтық мәдениетін, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру, олардың әлеуметтік ер жетуіне, өзіндікке, өзін-өзі ұйымдастырып, дамытуға ықпал етеді;

3.10 студенттердің жеке және кәсіби сапаларын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

4 Міндеттері

4.1 Қызмет бабына сай топтарда және университеттің толықтай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және жетілдіруге қатысуға;

4.2 Студенттік топтарда шығармашылық, өзара көмек көрсету жағдайын қалыптастырады;

4.3 Бағытына қарай байқау, конкурстарға қатысуға;

4.4 Жастар саясатын жүзеге асырады, жастар мәселесін дер кезінде шешу мәселесінде университеттегі студенттердің қоғамдық ұйымдарының қызметін реттеуге;

4.6. Жастар мәселесін нақты әрі дер кезінде шешуге қатысты сұрақтар бойынша жоғарыдағы өкілеттік, жастар ұйымдарымен қарым-қатынас жасауға.

4.7 университет президентімен жүктелген міндеттерді, бұйрықтары мен өкімдерін, Ғылыми кеңестің шешімдерін орындауға;

«Сырдария» университеті		ҚЕ-20-20
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		5 беттің 3-беті

- 4.8 Студенттердің саналылығын арттыруға және олардың білімге деген талаптарын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізуге, мүлкітік кешенге деген ұқыпты қатынасты, университеттің рухы мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік қатынасты тәрбиелеуге;
- 4.9 университет жарғысының талаптарын, ішкі тәртіп ережелері мен жатақханада тұру ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс жүргізуге;
- 4.10 бөлімге келіп түсетін студенттердің барлық арыз-талаптарын уақытылы түрде белгіленген тәртіп бойынша қарастыруға;
- 4.11 университеттің студенттік кеңестің жалпы жиналыстарын айына 1 рет, және де қажеттілік деңгейі бойынша өткізіп отыруға;
- 4.12 университеттің басқару органдарына студенттердің тұрмыстық және бос уақытын ұйымдастыруға қатысты әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға;
- 4.13 Университеттің құрылымдық бөлімдерінде сабақтан тыс үрдіс аясында олармен өткізілетін іс-шараларға көмектесуге
- 4.14 студенттердің бос уақытын ұйымдастыруға студенттік активтің жан-жақты дамуына қолдау көрсетуге;
- 4.15 университеттің мәдени-бұқаралық және бос уақыттық іс-шараларын дайындауға және өткізуге;
- 4.16 талантты жас студенттердің шығармашылық потенциалын арттыруға;
- 4.17 студенттерді университет жұмыстары жөнінде ақпараттандыруға.

5 Құқықтары

Жастармен жұмыс атқару бөлімі құқылы:

- 5.1 университет студенттерінің қызығушылықтарына қатысы бар нормативтік актілерді дайындауға және жетілдіруге қатысуға;
- 5.2 оқу үрдісінің сапасын бағалауға қатысуға, студенттердің ғылыми және кәсіби қызығушылықтарын ескере отырып оны онтайландыру туралы университеттің басқару органдарына ұсыныстар жасауға;
- 5.3 студенттердің қызығушылықтарына қатысы бар әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге ұсыныстар жасауға;
- 5.4 студенттердің бостандығы мен құқықтарын қорғауға;
- 5.5 студенттердің университеттің ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін, т.б. бұзғаны туралы мәселелерді қарастыруға қатысуға, сондай-ақ университетті басқару органдарына бұзуға кінәлі тұлғаларға қатысты тәртіптік әрекет ету туралы шараларды қолдануға байланысты ұсыныстар жасауға;
- 5.6 университеттің басқару органдарымен бірге студенттердің арыздары мен өтініштерін қарастыруға қатысуға;
- 5.7 студенттердің қызығушылықтарына қатысы бар бұйрықтар мен өкімдерді университеттің жоғары тұрған органдарына белгіленген тәртіп бойынша қайта қарастыруға ұсынуға;
- 5.8 университеттің қоғамдық өмірі мен жастар комитетінің жұмысына белсене ат салысатын, оқу, ғылыми және сабақтан тыс жұмыстарға қатысканы үшін, жетістіктері үшін студенттерді марапаттау жүйесін жасауға және жүзеге асыруға қатысуға;
- 5.9 белгіленген тәртіп бойынша университеттің басқару органдарынан жастар комитетінің жұмысына қажетті ақпаратты сұрауға;
- 5.10 университеттің Ғылыми кеңесі жұмысына қатысуға;
- 5.11 Жастармен жұмыс атқару бөлімі алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін университеттің материалдық-техникалық базасы мен ақпараттық мүмкіндіктерін университет басшылығымен келісе отырып қолдануға;
- 5.12 университеттің оқудан тыс іс-шараларын жоспарлау, дайындау және өткізуге тікелей қатысуға.

«Сырдария» университеті		ҚЕ-20-20
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		5 беттің 4-беті

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК;

Жастармен жұмыс атқару бөлімі жауапты:

6.1 Қызметтік міндеттерін орындау барысында ҚР «Еңбек Кодексі» талаптары бұзылған жағдайда;

6.2 Қызметтік этиканы сақтамаған жағдайда;

6.4 Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі Ережелерін сақтамаған жағдайда;

6.5 Қызметтік нұсқауда және Ережеде көрсетілген жастар комитеті функциялары мен көрсетілген қызметтік міндеттерін сапалы және уақытылы орындамаған жағдайда, ҚР-ның қазіргі таңдағы заңды күшіндегі еңбек заңдылығында белгіленген шектеуде;

6.6 Қазіргі таңдағы Заңды күші бар ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық Заңдары шегінде өзінің қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтары үшін;

6.7 Белгіленген заңды күші бар ҚР-ның қылмыстық және азаматтық заңдылықтары шегінде материалдық шығын келтіргені үшін.

7 ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

7.1 Жастармен жұмыс атқару бөлімі өз қызметінде тікелей университет президентінің барлық ауызша және жазбаша берілген тапсырмаларын орындайды.


7.2 Жастармен жұмыс атқару бөлімі сапа менеджменті жүйесін ендіру сапа менеджменті бөлімімен үйлестіріледі және бақыланады;

7.4 Құрылымдық бөлімдерге қатысты мәселерді сол құрылымдық бөлімдерге қарасты басшымен келісе отырып шешеді.

7.5 Жастармен жұмыс атқару бөлімі ҚР Еңбек Кодексін, университет ректоры бұйрығын, өкімдерін және ішкі тәртіп стандарты талаптарының орындалуын бақылау мақсатында университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен тығыз байланыста болады.


КЕЛІСІЛДІ

Оқу істері жөніндегі проректор:




С.Д. Мамраймов

Кадр бөлімінің басшысы:



Ү.Н. Досан

Заңгер



А.С. Малдыбекова

